



Қаралды:   
ӘБ отырысы  
Қаулы: №  
Бимуканова М.А  
« 17 » 08.2022 ж.

Келісемін:   
Оқу ісінің орынбасары:  
Тұрысбекова С.К.  
« 17 » 08.2022 ж.



**«Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ  
жанындағы «Арай» шағын  
орталығының «Аружан» кіші  
тобының перспективалық жоспары**

2022-2023 оқу жылы



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
 2022\_\_ - 2023\_\_ оқу жылына арналған  
 ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ : Кіші топ *Арунак*

Балалардың жасы 2-3

| Ай       | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|----------|----------------------------|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру             | Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентанын бойымен жүру. |
|          | Сөйлеуді дамыту            | Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.                 |
|          | Көркем әдебиет             | ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету   |
|          | Сенсорика                  | қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру   |
|          | Қоршаған ортамен таныстыру | «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.  |



|                   |  |
|-------------------|--|
|                   | Өзінің есімін және жасын атау, үйін және патерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. |
| <b>Кұрастыру</b>  | жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (Үстел және орындық, Үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды тандау;   |
| <b>Сурет салу</b> | балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.  |
| <b>Мүсіндеу</b>   | балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;  |
| <b>Жансыру</b>    | Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.  |
| <b>Музыка</b>     | музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;  |



| Айы                        | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------------------------|--|---|
| Дене шынықтыру             | Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызыктармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. |   |
| Сөйлеуді дамыту            | Сөйлеу қаржының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.   |   |
| Көркем әдебиет             | кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау   |   |
| Сенсорика                  | түрлі сенсорлық әсерлермен байыту  |   |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.<br>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану        |   |
| Құрастыру                  | Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру   |   |
| Сурет салу                 | сурет салу техникасын жетілдіру  |   |
| Мүсіндеу                   | сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;  |   |
| Жапсыру                    | фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;  |   |

Қазан



|               |   |
|---------------|---|
| <b>Музыка</b> | өпшің мағынасын түсіну, коңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепianoның дыбысталуын, түрлі ыргақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; |
|---------------|---|

| Айы                               | Үйымдастырылган іс-арекеттің міндеттері   |
|-----------------------------------|---|
| <p>Үйымдастырылган іс-арекет</p>  | <p>Жүгіру. Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> |
| <p>Сойлеуді дамыту</p>            | <p>Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жинақ, қорғасын пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, қолік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен дамыту</p>   |
| <p>Қоркөм әдебиет</p>             | <p>Шығарманың арманын мазмұнын түсіну және эмоциялы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді дамыту</p>   |
| <p>Сенсорика</p>                  | <p>қолемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p>   |
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Қоліктер, қоше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қолік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>   |
| <p>Құрастыру</p>                  | <p>құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапақа құрылыс бөлшектерін ұжыптылықпен жинастыру;</p>   |
| <p>Сурет салу</p>                 | <p>түзу, қолденен, тік, толқын тәрізді және түйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ыргакты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыру;</p>  |
| <p>Мүсіндеу</p>                   | <p>техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу.</p>  |
| <p>Жапсыру</p>                    | <p>фланелеграфтің кенбін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазактың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.</p>   |
| <p>Музыка</p>                     | <p>Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке</p>  |

буындарды айту, созылнкы дыбысталуга еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту дағдысын жетілдіру



Ай

Үйымдастырылган іс-әрекет

## Үйымдастырылган іс-әрекеттің міндеттері

|                            |   |
|----------------------------|---|
| Үйымдастырылган іс-әрекет  |   |
| Дене шынықтыру             | Еңбектеу, ормелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тактайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, артүрлі заттардың: арканның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алаканымен, тізмен тіреп) еңбектеу. Бийіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге ормелеу.   |
| Сөйлеуді дамыту            | еңбек әрекетін (жуу, суару, күю), карама-қарсы мандес әрекеттерді (ашу-жабу, кино-шешу, алу-салуды), адамдардың қарым-қатынасын (күшактау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен таныстыру  |
| Көркем әдебиет             | ереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа такпактарды жаттауды   |
| Сенсорика                  | түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, артүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.   |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына бағалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. |
| Құрастыру                  | бағалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру  |
| Сурет салу                 | дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу   |
| Мүсіндеу                   | шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдете алуға үйрету  |
| Жапсыру                    | Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру   |
| Музыка                     | Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылғынды дыбыстауға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту,   |

Желтоқсан



### Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

| Үйымдастырылған іс-әрекет                |   |
|--|---|
| <p><b>Айы</b></p>                        |   |
| <p><b>Дене шынықтыру</b></p>             | <p>Домалату, лактыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанға (төмен, жоғары) лактыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p>   |
| <p><b>Сойлеуді дамыту</b></p>            | <p>заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br/>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p>  |
| <p><b>Көркем әдебиет</b></p>             | <p>Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді</p>  |
| <p><b>Сенсорика</b></p>                  | <p>Түстерді ажырата алу қабілеттерін дамыту</p>   |
| <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> | <p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненін «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br/>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p> |
| <p><b>Құрастыру</b></p>                  | <p>қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру ( кию және жырту), киялған кесектерде және жұртылған қағаздарда "бейнені" көру;</p>  |
| <p><b>Сурет салу</b></p>                 | <p>қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен)</p>   |
| <p><b>Мүсіндеу</b></p>                   | <p>заттардың ұқсастықтарын таба алу дағдысын қалыптастыру</p>   |
| <p><b>Жансыру</b></p>                    | <p>дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтай алу дағдысын қалыптастыру</p>  |
| <p><b>Музыка</b></p>                     | <p>музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүруге үйрету</p>  |

### Қайтар



**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет                | Міндеттері   |
|--|--|
| <p><b>Айы</b></p>                        |  |
| <p><b>Дене шынықтыру</b></p>             | <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұалтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр бийіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p>  |
| <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>            | <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> |
| <p><b>Қоркөм әдебиет</b></p>             | <p>3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөліседі;</p>   |
| <p><b>Сенсорика</b></p>                  | <p>Берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу;</p>  |
| <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> | <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>   |
| <p><b>Құрастыру</b></p>                  | <p>тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнау дағдыларын қалыптастыру</p>   |
| <p><b>Сурет салу</b></p>                 | <p>парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу;</p>   |
| <p><b>Мүсіндеу</b></p>                   | <p>кесектерді біріктіруге үйрету</p>   |
| <p><b>Жанпсыру</b></p>                   | <p>көңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру</p>   |
| <p><b>Музыка</b></p>                     | <p>қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдысын дамыту</p>   |



| Ұйымдастырылған іс-әрекет         | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-----------------------------------|--|
| <p>Ай</p> <p>Дене шынықтыру</p>   | <p>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Колды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; колды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу. Колды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, колды шапалақтау, колдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу. Арканың бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> |
| <p>Сөйлеуді дамыту</p>            | <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>   |
| <p>Көркем әдебиет</p>             | <p>қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алуға үйрету</p>  |
| <p>Сенсорика</p>                  | <p>заттардың санын ажырату (біреу — көп);</p>  |
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>   |
| <p>Құрастыру</p>                  | <p>көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын айтуға үйрету</p>   |
| <p>Сурет салу</p>                 | <p>қағазға, құмға саусақпен сурет салу</p>   |
| <p>Мүсіндеу</p>                   | <p>қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар</p>   |
| <p>Жапсыру</p>                    | <p>Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын</p>  |



Ай

Үйымдастыры  
лган іс-әрекет

Үйымдастырылган іс-әрекеттің міндеттері

Дене  
шынықтыру

Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.  
Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүту. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың окшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).

Сөйлеуді  
дамыту

Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, пелоготтің отініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру

Қоркөм  
әдебиет

халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;

Сенсорика

әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішенгтай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.

Сәуір

Қоршаған  
ортамен  
таныстыру

Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.  
Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын(тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Әлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су күю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.

Құрастыру

қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру

Сурет салу

балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;

Мүсіндеу

сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптастыру

Жапсыру

Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру



**Музыка**

әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе калып қоймау, кідірісті сақтауға үйрету



| Ай                         |  | Үйымластырылган іс-әрекеттің міндеттері   |
|----------------------------|--|---|
| Мамыр                      |  |   |
| Үйымластырылган іс-әрекет  |  |   |
| Дене шынықтыру             |  | Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды әмөшә бiлдiруге, бұрын мeнгepгeн қимылдарды өз бeтiншe oрындауға ықьлас танытуға баулу.   |
| Сойлеуді дамыту            |  | кiтаптағы суреттердi карау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемi бойынша шағын олеңдер мен такпактар жаттауды бекiту. Кейiнкерлердiң әрекеттерiн (қимылдарын) қайталағып ойнату   |
| Көркем әдебиет             |  | Балаларды педагогтiң сөзiн түсiнуге, сойлегенде заттарды сипаттау үшiн зат сiмдердi етiстiктермен, сын сiмдермен бiрге қолдануға, зат сiмiнiң көпше түрiн пайдалануға, сөздердi дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тiркестерiн (сын сiм + зат сiм, зат сiм + етiстiк) құрауға үйрету.  |
| Сенсорика                  |  | көлемi, пішiнi, түсi бойынша ұқсаc бiртектi заттарды топтастыра алады   |
| Қоршаған ортамен таныстыру |  | Дұрыс», «дұрыс емес», «қауiптi» түсiнiктерiмен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауiпсiздiк ережелерiмен (лас суды iшпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсiмдiктер мен жануарларға сүйiспеншiлiктаныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауiпсiздiктiң қарапайым ережелерiн бiледi. Көлiктер, көше, жол туралы бастапқы түсiнiктердi қалыптастыру. Көлiк құралдарының кейбiр түрлерiмен таныстыру. |
| Құрастыру                  |  | Құрылыс материалдарының (текшелер, кiрпiштер) негiзгi пішiнiн ажыратып, құрастыру   |
| Сурет салу                 |  | түрлi-түстi қарындаштармен, фломастердiң, гуашьтiң төрт түсiмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру  |
| Мүсiндеу                   |  | мүсiндеуге арналған түрлi материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру   |
| Жапсыру                    |  | фланелеграфтың кенeбiн қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыруҚағазға «қошқармүйiз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.  |
| Музыка                     |  | әндегi қайталанатын тiркестердi ересектердiң дауыс интонациясына салып, айтуды дағдыларын қалыптастыру.   |



---

|               |   |
|---------------|---|
|               | жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.  |
| <b>Музыка</b> | бүббенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғакты, түрлі бейнелік - ойын кимылдарын бере отырып заттармен кимылдар жасау; |